

**«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің жылдық
жалпы жиналысының №3/2022
ХАТТАМАСЫ**

Нұр-Сұлтан қ.

2022 жылғы 19 мамыр

Толық атауы: «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамы.

Атқарушы органның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-Сұлтан қ., Есіл ауданы, Тұран даңғылы, 20-ғимарат, 12-тұрғын емес үй-жай.

Акционерлердің жалпы жиналысы өткен орын: Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-Сұлтан қ., Есіл ауданы, Тұран даңғылы, 20-ғимарат, 12-тұрғын емес үй-жай, 200-кабинет.

Акционерлерді тіркеуді бастау - 10 сағат 00 минут;

Акционерлерді тіркеуді аяқтау - 13 сағат 00 минут;

Акционерлер жалпы жиналысының басталуы - 15 сағат 00 минут;

Акционерлер жалпы жиналысының аяқталуы - 16 сағат 30 минут.

«ҚазТрансОйл» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен (2022 жылғы 14 сәуірдегі №7/2022 отырыс хаттамасы) келесі күн тәртібімен шақырылды:

1. «ҚазТрансОйл» АҚ-тың 2021 жылғы жылдық қаржылық есептілігін және шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілігін бекіту туралы.

2. «ҚазТрансОйл» АҚ-тың 2021 жылға таза кірісін бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және «ҚазТрансОйл» АҚ-тың бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту туралы.

3. «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің 2021 жылы атқарылған жұмыс туралы жылдық есебін бекіту туралы.

4. «ҚазТрансОйл» АҚ акционерлерінің 2021 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ және оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттеріне өтініштері мен оларды қарау қорытындылары туралы.

5. «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі Д.Ә. Берлібаевтың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы.

6. «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесін және оның төрағасын сайлау туралы.

Қоғам Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысын (бұдан әрі – Жиналыс) өткізу туралы ақпарат 2022 жылғы 15 сәуірде қаржылық есептілік депозитарийінің, «Қазақстан қор биржасы» АҚ және Қоғамның интернет-ресурстарында қазақ және орыс тілдерінде жарияланды.

Қоғам Жарғысының 9-бабы 39-тармағына сәйкес Қоғамның корпоративтік хатшысы А.М. Шманов Жиналыстың хатшысы болып табылады.

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 46-бабында қарастырылған функцияларды жүзеге асыратын есеп комиссиясы Қоғам Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының

2022 жылғы 25 қаңтардағы шешімімен (№1/2022 хаттама) сайланған.

Қоғамның бас директоры (Басқарма төрағасы) Т.Н. Құрманбаев Қоғамның есеп комиссиясының төрағасы К.Қ. Тумышқа сөз берді.

К.Қ. Тумыш «Бағалы қағаздар орталық депозитарийі» АҚ ұсынған Қоғам акционерлерінің тізіміне сәйкес 2022 жылғы 21 сәуірдегі жағдай бойынша Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы саны 384 144 973 (үш жүз сексен төрт миллион бір жүз қырық төрт мың тоғыз жүз жетпіс үш) дананы құрайтынын хабарлады.

Есеп комиссиясы ұсынған деректер бойынша акционерлерді тіркеу аяқталған кезде Жиналысқа қатысу үшін жиынтығында Қоғамның дауыс беретін акциялары жалпы санының 92,89%-ін құрайтын 356 816 881 (үш жүз елу алты миллион сегіз жүз он алты мың сегіз жүз сексен бір) дауыс беретін акцияларды иеленетін 7 акционер (акционерлердің өкілдері) тіркелді.

Заңның 45-бабы 1-тармағы және Қоғам Жарғысының 9-бабы 31-тармағы негізінде егер акционерлердің жалпы жиналысына қатысушыларды тіркеу аяқталған кезде (акционерлердің жалпы жиналысын сырттай дауыс беру арқылы өткізу кезінде барлық бюллетеньді ұсыну күні не бюллетеньдерді ұсыну мерзімі аяқталған күні) оған қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар, Қоғамның дауыс беретін акцияларының жинақтап алғанда 50 (елу) және одан да көп процентін иеленген акционерлер (акционерлердің өкілдері) тіркелсе, жиналыс күн тәртібіндегі мәселелерді қарауға және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы.

Жиналысты өткізу және күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыс беру үшін кворум бар.

Қатысып отырған барлық акционерлер (акционерлердің өкілдері) тіркелді және олардың өкілеттіктері тиісті түрде тексерілді. Жиналысқа қатысып отырған акционерлерге (акционерлердің өкілдеріне) тіркеу кезінде күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар, дауыс беру үшін бюллетеньдер берілді және Жиналыста акционерлердің құқықтарын іске асыру мәселелері мен дауыс беру тәртібі түсіндірілді.

Т.Н. Құрманбаев акционерлерге (акционерлердің өкілдеріне) Жиналыстың күн тәртібін өзгерту және толықтыру бойынша ұсыныстардың жоқ екендігін хабарлады.

Т.Н. Құрманбаев Жиналысты өткізу үшін дауыс берудің ашық нысанын белгілеуге ұсыныс жасады.

Ұсыныс «бір акционер – бір дауыс» қағидаты бойынша дауыс беруге қойылды.

Дауыс берді:

«Қолдады» – 7 акционер

«Қарсы» – дауыс жоқ

«Қалыс қалды» – дауыс жоқ

Шешім «бір акционер – бір дауыс» қағидаты бойынша жай көпшілік дауыспен қабылданды:

Жиналыстың күн тәртібі мәселелері бойынша дауыс берудің ашық

нысаны белгіленсін.

Т.Н. Құрманбаев Жиналыстың төрағасы ретінде Марат Көшкенбайұлы Ормановты сайлауды ұсынды.

Осы мәселе дауыс беруге қойылды.

Дауыс берді:

«Қолдады» – 356 816 881 дауыс

«Қарсы» – дауыс жоқ

«Қалыс қалды» – дауыс жоқ

Шешім дауыс беруге қатысқан Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай көпшілік дауысымен қабылданды:

Жиналыстың төрағасы болып Марат Көшкенбайұлы Орманов сайлансын.

Бұдан әрі М.К. Орманов Жиналыс жүргізу регламентін жариялап, келесі күн тәртібін дауыс беруге шығарды:

1. «ҚазТрансОйл» АҚ-тың 2021 жылғы жылдық қаржылық есептілігін және шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілігін бекіту туралы.

2. «ҚазТрансОйл» АҚ-тың 2021 жылға таза кірісін бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және «ҚазТрансОйл» АҚ-тың бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту туралы.

3. «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің 2021 жылы атқарылған жұмыс туралы жылдық есебін бекіту туралы.

4. «ҚазТрансОйл» АҚ акционерлерінің 2021 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ және оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттеріне өтініштері мен оларды қарау қорытындылары туралы.

5. «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі Д.Ә. Берлібаевтың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы.

6. «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесін және оның төрағасын сайлау туралы.

Дауыс берді:

«Қолдады» – 356 816 881 дауыс

«Қарсы» – дауыс жоқ

«Қалыс қалды» – дауыс жоқ

Шешім дауыс беруге қатысқан Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай көпшілік дауысымен қабылданды:

«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының келесі күн тәртібі бекітілсін:

1. «ҚазТрансОйл» АҚ-тың 2021 жылғы жылдық қаржылық есептілігін және шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілігін бекіту туралы.

2. «ҚазТрансОйл» АҚ-тың 2021 жылға таза кірісін бөлу тәртібін бекіту,

жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және «ҚазТрансОйл» АҚ-тың бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту туралы.

3. «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің 2021 жылы атқарылған жұмыс туралы жылдық есебін бекіту туралы.

4. «ҚазТрансОйл» АҚ акционерлерінің 2021 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ және оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттеріне өтініштері мен оларды қарау қорытындылары туралы.

5. «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі Д.Ә. Берлібаевтың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы.

6. «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесін және оның төрағасын сайлау туралы.

Күн тәртібінің **бірінші мәселесі бойынша** М.К. Орманов бизнес-жоспарлау және экономикалық талдау департаментінің директоры Ж.И. Бисалиевке сөз берді.

Ж.И. Бисалиев Қоғамның 2021 жылғы жылдық қаржылық есептілігінің және шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілігінің негізгі көрсеткіштерін негізгі баптардың талдауымен ұсынды.

Ұсынылған есептер халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының талаптарына сәйкес дайындалды және Қоғам Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының 2019 жылғы 5 наурыздағы шешіміне (№2/2019 хаттама) сәйкес 2019-2021 жылдарға Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйым ретінде айқындалған «Эрнст энд Янг» ЖШС аудиттеді.

Дауыс берді:

«Қолдады» – 356 801 303 дауыс

«Қарсы» – дауыс жоқ

«Қалыс қалды» – 15 578 дауыс

Шешім дауыс беруге қатысқан Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай көпшілік дауысымен қабылданды:

Қоса берілгендер бекітілсін:

1) «ҚазТрансОйл» АҚ-тың 2021 жылғы жылдық қаржылық есептілігі келесі негізгі көрсеткіштермен:

Көрсеткіштер атауы	мың теңге	
	2021 жыл	2020 жыл
Түсім	214 832 985	215 491 851
Өткізілген тауарлар мен қызметтердің өзіндік құны	(148 937 822)	(143 480 195)
Жалпы пайда	65 895 163	72 011 656
Әкімшілік шығыстар	(10 988 469)	(12 647 072)
Қаржылық кірістер	4 354 600	2 545 783
Қаржылық шығыстар	(4 116 014)	(3 774 886)
Өзге кірістер	2 255 431	7 527 955
Өзге шығыстар	(5 458 509)	(6 136 373)

Салық салынғанға дейінгі пайда	51 942 202	59 527 063
Табыс салығы бойынша шығыстар	(13 429 793)	(13 911 276)
Бір жылдағы пайда	38 512 409	45 615 787
<i>Акцияға пайда (теңгемен)</i>	<i>100</i>	<i>119</i>
Активтер жиыны	848 739 689	766 368 243
Міндеттемелер жиыны	200 598 316	188 729 639
Барлық капитал	648 141 373	577 638 604
<i>Бір акцияның баланстық құны (теңгемен)</i>	<i>1 682</i>	<i>1 498</i>

2) «ҚазТрансОйл» АҚ-тың 2021 жылғы шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілігі келесі негізгі көрсеткіштермен:

Көрсеткіштер атауы	мың теңге	
	2021 жыл	2020 жыл
Түсім	238 176 116	235 222 082
Өткізілген тауарлар мен қызметтердің өзіндік құны	(173 246 278)	(163 016 593)
Жалпы пайда	64 929 838	72 205 489
Әкімшілік шығыстар	(15 549 677)	(16 614 132)
Қаржылық кірістер	3 201 187	3 054 504
Қаржылық шығыстар	(4 116 159)	(3 775 306)
Үлестік қатысу әдісі бойынша ескерілетін қауымдасқан ұйымдар мен бірлескен қызметтің пайдасындағы ұйымның үлесі	12 788 333	9 730 312
Өзге кірістер	3 095 309	8 092 350
Өзге шығыстар	(1 350 992)	(3 603 608)
Салық салынғанға дейінгі пайда	62 997 839	69 089 609
Табыс салығы бойынша шығыстар	(12 390 832)	(13 135 711)
Бір жылдағы пайда	50 607 007	55 953 898
<i>Акцияға пайда (теңгемен)</i>	<i>132</i>	<i>145</i>
Активтер жиыны	983 162 521	859 162 401
Міндеттемелер жиыны	246 054 505	206 644 140
Барлық капитал	737 108 016	652 518 261
<i>Бір акцияның баланстық құны (теңгемен)</i>	<i>1 897</i>	<i>1 678</i>

Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша М.К. Орманов бизнес-жоспарлау және экономикалық талдау департаментінің директоры Ж.И. Бисалиевке сөз берді.

Ж.И. Бисалиев Қоғамның дивидендтік саясатына сәйкес таза табысты бөлу кезінде келесі факторлар ескерілетінін атап өтті:

1) алынған таза табыстың нақты мөлшері;
2) Қоғамның төлем қабілеттілігі және қаржылық орнықтылық көрсеткіштері;

3) Қоғамның стратегиялық даму мақсаттарын қамтамасыз ету, оның ішінде тұрақты ақшалай кірістерді жинақтайтын қолданыстағы өндірістік активтердің өнімділігін қолдауға және арттыруға, басқа заңды тұлғалардың

жарғылық капиталдарына салымдарды қаржыландыруға бағытталған күрделі салымдарды қаржыландыру;

4) сондай-ақ Қоғамның Директорлар кеңесінің қалауы бойынша өзге де факторлар.

Қоғамның 2021 жылғы қаржылық-шаруашылық қызметінің қорытындыларын, қалыптасқан геосаяси жағдай және Қоғамның ұзақмерзімді дамуы аясында Қоғамның қаржылық орнықтылығын қамтамасыз ету қажеттілігін, Қоғамның бекітілген инвестициялық бағдарламаның іс-шараларын орындау жөніндегі міндеттемелерін, өндірістік персоналдың жалақы деңгейінің ұлғаюына байланысты шығыстардың елеулі өсуін, сондай-ақ сервистік компаниялардың қызметтеріне ақы төлеу бойынша шығыстардың өсуін ескере отырып және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ ұсынымдарын назарға ала отырып, Қоғамның Директорлар кеңесі Қоғамның 2021 жылдың қорытындысы бойынша алған 50 607 007 000 (елу миллиард алты жүз жеті миллион жеті мың) теңге мөлшеріндегі таза кірісін келесі тәртіпте бөлуді ұсынды:

10 000 330 574 (он миллиард үш жүз отыз мың бес жүз жетпіс төрт) теңге мөлшеріндегі соманы дивидендтерді төлеуге жұмсау, тиісінше, бір жай акцияға шаққандағы 2021 жылғы дивиденд мөлшері 26 теңге деңгейінде белгілеу;

таза кірістің 40 606 676 426 (қырық миллиард алты жүз алты миллион алты жүз жетпіс алты мың төрт жүз жиырма алты) теңге мөлшеріндегі қалған сомасын бөлмей, Қоғамның иелігінде қалдыру.

2021 жылдың қорытындысы бойынша Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер алуға құқығы бар акционерлердің тізімі 2022 жылғы 1 маусымдағы 00 сағат 00 минуттағы жағдай бойынша тіркелетін болады.

Бұл ретте Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтерді төлеуді бастау күні етіп 2022 жылғы 13 маусымды белгілеу ұсынылады.

Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтерді төлеу оларды акционерлердің шоттарына аудару жолымен ақшалай жүргізілетін болады.

М.К. Орманов Қоғамның 2021 жылғы таза кірісін бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту туралы мәселені дауыс беруге қойды.

Дауыс берді:

«Қолдады» – 346 173 738 дауыс

«Қарсы» – 10 643 143 дауыс

«Қалыс қалды» – дауыс жоқ

Шешім дауыс беруге қатысқан Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай көпшілік дауысымен қабылданды:

1. «ҚазТрансОйл» АҚ бекітілген инвестициялық бағдарламаның іс-шараларын орындау жөніндегі міндеттемелерін, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-тың 2022 жылғы 17 ақпандағы №06/1121 хаты негізінде «ҚазТрансОйл» АҚ жұмыскерлерінің еңбегіне ақы төлеу қорын ұлғайтумен байланысты

шығыстардың елеулі өсуін және «ҚазТрансОйл» АҚ жекеленген құрылымдық бөлімшелері жұмыскерлерінің жалақы деңгейін «Өзенмұнайгаз» АҚ жұмыскерлерінің жалақы деңгейіне сәйкес келтіруді, сондай-ақ сервистік компаниялардың қызметтеріне (ведомстводан тыс және өрттен қорғау қызметтері, көлік қызметтері, өндірістік персоналды тамақтандыру бойынша қызметтер, клининг қызметтері) ақы төлеу шығыстарының өсуін көздейтін «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ пен «ҚазТрансОйл» АҚ басшылығының (өкілдерінің) «ҚазТрансОйл» АҚ Маңғыстау және Ақтөбе мұнай құбыры басқармаларының, Батыс операторлық қызметтер көрсету басқармасының еңбек ұжымдарымен өткізген кездесулер қорытындыларын (2022 жылғы 15 ақпандағы, 2022 жылғы 18 наурыздағы және 2022 жылғы 28 наурыздағы хаттамалар) назарға ала отырып, бекітілсін:

1) Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Тұран даңғылы, 20-ғимарат, 12-тұрғын емес үй-жай мекенжайында орналасқан, БСН 970 540 000 107, қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне қою туралы 2012 жылғы 29 тамыздағы куәлік сериясы 62001 № 0015217, Кбе 16, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ, SWIFT BIC: HSBKZZKX, KZ536010111000012185 (теңге), «ҚазТрансОйл» АҚ-тың 2021 жылдың қорытындысы бойынша 50 607 007 000 (елу миллиард алты жүз жеті миллион жеті мың) теңге мөлшерінде алынған таза кірісін бөлудің келесі тәртібі:

10 000 330 574 (он миллиард үш жүз отыз мың бес жүз жетпіс төрт) теңге мөлшеріндегі соманы дивидендтер төлеуге жұмсау;

таза кірістің 40 606 676 426 (қырық миллиард алты жүз алты миллион алты жүз жетпіс алты мың төрт жүз жиырма алты) теңге мөлшеріндегі қалған сомасын бөлмей, «ҚазТрансОйл» АҚ-тың иелігінде қалдыру;

2) «ҚазТрансОйл» АҚ-тың бір жай акциясына есептегендегі 2021 жылға дивиденд мөлшері 26 (жиырма алты) теңге сомасында.

2. 2021 жылдың қорытындысы бойынша «ҚазТрансОйл» АҚ жай акциялары бойынша дивидендтер алуға құқығы бар «ҚазТрансОйл» АҚ акционерлерінің тізімі 2022 жылғы 1 маусымдағы 00 сағат 00 минуттағы жағдай бойынша бекітілсін.

3. «ҚазТрансОйл» АҚ жай акциялары бойынша дивидендтерді төлеуді бастау күні болып 2022 жылғы 13 маусым белгіленсін.

4. «ҚазТрансОйл» АҚ жай акциялары бойынша дивидендтерді төлеу оларды «ҚазТрансОйл» АҚ акционерлерінің шоттарына белгіленген тәртіппен дербес аудару жолымен және «Бағалы қағаздар орталық депозитарийі» АҚ атынан төлем агенті арқылы ақшалай жүргізілсін.

5. «ҚазТрансОйл» АҚ бас директоры (Басқарма төрағасы) Т.Н. Құрманбаев осы шешімді іске асыру бойынша қажетті шараларды белгіленген тәртіппен қабылдасын.

Күн тәртібінің үшінші мәселесі бойынша М.К. Орманов Қоғамның корпоративтік хатшысы А.М. Шмановқа сөз берді.

А.М. Шманов акционерлерге Қоғамның Директорлар кеңесінің 2021 жылы атқарған жұмысы, Директорлар кеңесінің құрамы мен құрылымы, басқару органы есепті кезеңде қабылдаған ең маңызды шешімдері және

комитеттердің жұмысы туралы ақпарат берді.

М.К. Орманов Қоғамның Директорлар кеңесінің 2021 жылы атқарылған жұмыс туралы жылдық есебін бекіту туралы мәселені дауысқа салды.

Дауыс берді:

«Қолдады» – 356 748 330 дауыс

«Қарсы» – 50 505 дауыс

«Қалыс қалды» – 18 046 дауыс

Шешім дауыс беруге қатысқан Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай көпшілік дауысымен қабылданды:

Қоса берілген «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің 2021 жылы атқарылған жұмыс туралы жылдық есебі бекітілсін.

Күн тәртібінің төртінші мәселесі бойынша М.К. Орманов Қоғамның инвесторлармен байланыс қызметінің басшысы А.М. Масалинге сөз берді.

А.М. Масалин Заңға және Қоғамның Жарғысына сәйкес Жиналыста Қоғамның және оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттеріне акционерлердің 2021 жылғы өтініштері және оларды қарау қорытындылары туралы мәселе қаралатынын атап өтті.

Шығарылған мәселе аясында 2021 жылы акционерлердің Қоғам мен оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекетіне өтініштері болмағаны атап өтілді.

М.К. Орманов Қоғамның және оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттеріне Қоғам акционерлерінің 2021 жылғы өтініштері және оларды қарау қорытындылары туралы мәселені дауыс беруге қойды.

Дауыс берді:

«Қолдады» – 356 763 908 дауыс

«Қарсы» – 50 505 дауыс

«Қалыс қалды» – 2 468 дауыс

Шешім дауыс беруге қатысқан Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай көпшілік дауысымен қабылданды:

2021 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ акционерлерінің «ҚазТрансОйл» АҚ пен оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттеріне өтініштерінің болмауы туралы ақпарат назарға алынсын.

Күн тәртібінің бесінші мәселесі бойынша М.К. Орманов Қоғамның корпоративтік хатшысы А.М. Шмановқа сөз берді.

А.М. Шманов Қоғам Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының 2021 жылғы 25 қарашадағы шешімімен (№3/2022 хаттама) 3 жыл өкілеттік мерзімімен 6 адамнан тұратын Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамы айқындалғанын, сондай-ақ Қоғамның Директорлар

кеңесінің мүшелері, оның ішінде Д.Ә. Берлібаев (Директорлар кеңесінің төрағасы) сайланғанын хабарлады.

Қоғамның ірі акционері болып табылатын «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ 2022 жылғы 13 сәуірдегі №23/2760 хатымен Қоғам Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының күн тәртібіне Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі Д.Ә. Берлібаевтың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы мәселені енгізуді ұсынды.

Заңының 36-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына және Қоғам Жарғысының 10-бабы 1-тармағының 10) тармақшасына сәйкес Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы мәселе Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатады.

Жоғарыда баяндалғанды ескере отырып, Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысына Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі Д.Ә. Берлібаевтың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату ұсынылады.

М.К. Орманов Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі Д.Ә. Берлібаевтың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы мәселені дауыс беруге қойды.

Дауыс берді:

«Қолдады» – 356 750 798 дауыс

«Қарсы» – дауыс жоқ

«Қалыс қалды» – 66 083 дауыс

Шешім дауыс беруге қатысқан Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай көпшілік дауысымен қабылданды:

«ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі Данияр Әмірбайұлы Берлібаевтың өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылсын.

Күн тәртібінің алтыншы мәселесі бойынша М.К. Орманов Қоғамның корпоративтік хатшысы А.М. Шмановқа сөз берді.

А.М.Шманов Қоғам Жарғысының 10-бабы 1-тармағының 10) тармақшасына сәйкес «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің сан құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау және оның мүшелерін, оның ішінде Директорлар кеңесінің төрағасын сайлау «ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жататынын хабарлады.

Қоғам Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының 2021 жылғы 25 қарашадағы шешімімен (№3/2021 хаттама) Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамы 3 жыл өкілеттік мерзімімен 6 адам санында белгіленді.

Сонымен қатар шешіммен Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері, оның ішінде «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өкілі болып табылатын Директорлар кеңесінің төрағасы Д.Ә. Берлібаев сайланды.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ 2022 жылғы 23 сәуірдегі №23/3293 хатымен Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелігіне сайлау үшін «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өкілі Марат Көшкенбайұлы Ормановтың кандидатурасын ұсынды. Сонымен қатар «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ М.К. Ормановты Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы етіп сайлауды ұсынды.

Қоғамның Директорлар кеңесінің Кадрлар және сыйақылар комитетінің шешімімен (2022 жылғы 29 сәуірдегі №6/2022-ККиВ отырыс хаттамасы) Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамына сайлау үшін «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өкілі Марат Көшкенбайұлы Ормановтың кандидатурасын айқындау ұсынылды.

Қоғамның Директорлар кеңесі (2022 жылғы 29 сәуірдегі №8/2022 отырыс хаттамасы) Қоғамның Директорлар кеңесінің Кадрлар және сыйақылар комитетінің жоғарыда көрсетілген ұсынымын мақұлдады және Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамына сайлау үшін «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өкілі Марат Көшкенбайұлы Ормановтың кандидатурасын айқындады.

Осыған байланысты «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өкілі Марат Көшкенбайұлы Ормановты жалпы Қоғамның Директорлар кеңесі үшін белгіленген мерзімге Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі етіп сайлау ұсынылады. Сондай-ақ М.К. Ормановты Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы етіп сайлау ұсынылады.

Заңның 54-бабының 3-тармағына сәйкес директорлар кеңесінде бір орынға бір кандидат сайлауға түсетін жағдайды қоспағанда, акционерлер директорлар кеңесінің мүшелерін сайлауды дауыс беруге арналған бюллетеньдерді пайдалана отырып, кумулятивтік дауыс беру арқылы жүзеге асырады.

Қоғамның Директорлар кеңесінде бір орынға бір кандидат сайлауға түсетінін назарға ала отырып, дауыс беру «бір акция – бір дауыс» қағидаты бойынша жүзеге асырылады.

М.К. Орманов Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі мен оның төрағасын сайлау туралы мәселені дауыс беруге қойды.

Дауыс берді:

«Қолдады» – 356 748 330 дауыс

«Қарсы» – 50 505 дауыс

«Қалыс қалды» – 18 046 дауыс

Шешім дауыс беруге қатысқан Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай көпшілік дауысымен қабылданды:

1. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өкілі Марат Көшкенбайұлы Орманов жалпы «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесі үшін белгіленген мерзімге «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайлансын.

2. Марат Көшкенбайұлы Орманов «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайлансын.

Жиналыстың күн тәртібіндегі мәселелерді қарау аяқталғаннан кейін Қоғам акционерлері - «Best seller estate» ЖШС-ның және Абдукаримованың өкілі Д.Е. Темірбаев сөз сөйлеп, өзі өкілі болып отырған акционерлердің Қоғам қызметінің жекелеген аспектілеріне қатысты, атап айтқанда, 2021 жылдың қорытындысы бойынша дивиденд мөлшерінің миноритарлық акционерлердің мүдделеріне сәйкес еместігі туралы ұстанымын білдірді. Бұдан басқа, Д.Е. Темірбаев миноритарлық акционерлердің Қоғаммен


байланысын жақсарту мақсатында Қоғамда миноритарлық акционерлердің қатысуымен консультативтік-кеңесші орган құру мүмкіндігін қарастыруды ұсынды.

Акционер К.Т. Ташимовтың сұрақтарына Қоғамның бизнес-жоспарлау және экономикалық талдау департаментінің директоры Ж.И. Бисалиев тиісті түсініктемелер берді.

Қоғамның бас директоры (Басқарма төрағасы) Т.Н. Құрманбаев акционерлерге қойылған сұрақтар үшін алғыс айтып, Қоғам олар айтқан ұсыныстарды қарайтынын атап өтті.

Жиналыс төрағасы М.К. Орманов («ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өкілі) барлық акционерлерге Жиналысқа қатысқаны үшін алғысын білдірді және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Қоғам жұмысының процесіне белсенді түрде тартылғанын, шығыстарды оңтайландыру бойынша үлкен жұмыс атқарылғанын атап өтті, сондай-ақ Қоғамның кірістілігін арттыру үшін геосаяси жағдайды ескеріп шығыстарды оңтайландыру жөніндегі одан арғы іс-шаралар туралы хабардар етті.

Жиналыс төрағасы



М. Орманов

Жиналыс хатшысы




А. Шманов


Есеп комиссиясының
төрағасы





К. Тумыш


Есеп комиссиясының мүшелері:











Л. Аде

Д. Мұханбетжанова

З. Нұрсейітова

Д. Нүсіпжанова

Ж. Тапаева